



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY
**«Bilim berý praktikasy sapasyn
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalıq konferensiasynyň

MATERIALDARY

II KITAP



II КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanaı q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 370 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

оқушылардың бойында қоғамдық пайдалы істерге деген дағдыларды қалыптастырып, сонымен бірге, оларды тарихи жәдігерлерді қорғауға ынталандырады. Осы тақырып бойынша жұмыс келесі кезеңдерден тұрады: диагностикалық, практикалық, қорытындылау. Практикалық кезеңде біз функционалдық сауаттылықты дамыту міндеттерінің білім сапасын жақсартуға қалай әсер ететінін қадағалауды шештік.

Байқау үшін 5 «А» және 5 «Б» сынып оқушыларын таңдадық. 5 «Б» сыныпта Дәстүрлі сабақ, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмаларсыз 3 дәстүрлі сабақ және 5 «А» сыныпта сыни ойлауды дамытуға арналған тапсырмаларды

Сыныптар	Сабақтың мазмұны	Сабақ №	Білім сапасы
5 «Б» -бақылау топ	Дәстүрлі сабақ, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмаларсыз	1 сабақ	54%
		2 сабақ	57%
		3 сабақ	56%
5 «А» -тәжірибелік топ	Сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмалар	1 сабақ	69%
		2 сабақ	73%
		3 сабақ	76%

қолдана отырып 3 дәстүрден тыс сабақ өткізілді.

Алынған нәтижелерді талдай келе, сыни ойлауды дамыту бойынша тапсырмалар қолданылған сабақтардағы сапаның % әлдеқайда жоғары екендігі туралы қорытындыға келдік. Оқушылардың сабақтардағы белсенділігін, олардың жауаптарын, өз міндеттерін шешу жолдарын талдай келе, сыни ойлау әдістері оқушылардың білім сапасын шынымен жақсартады, олардың көкжиегін кеңейтеді, өз көзқарасын қалыптастырады, білімді үйренуге қызығушылығын арттырады және күрделі тапсырмаларды шешу үшін ынталандыратынын көрдік.

Осындай топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген оқушылардың білімдері нәтижелі болады, шындалады. Оқушылар жұмыс жасау барысында бір — біріне көмектесіп, ойларын ортаға салады, ынталарына күш — қуат бере отырып, өздерінің білім алуын көтермелейді, оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктер беретін ортада оқушы өз пікірлерін еркін жеткізуіне жағдайлар жасайды. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Қабдықайырұлы Қ. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы: Оқуқұралы. – Алматы: РБК, 1999.
2. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // Білім-Образование -2006. -№.7
3. С.С.Мерсеитова «Становление и развитие философии учителя: гуманистическая парадигма» Алматы баспасы
4. Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. Алматы, 2009
5. С.С.Мерсеитова «Сыртқы әлем: күнделіктіні академиялықта қолдану» Алматы

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНЕ ЕНГІЗУ ЖОЛЫНДА SPARK ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ.

Жармухамбетова Гульнар Аманжоловна,
 Муханжанова Айгерим Сергазыевна,
 учителя физики,
 НИШ ФМН г.Костанай

Аннотация

Мақала қазіргі білім беру практикасындағы инновациялық технологиялар мен әдістердің қолданылуымен таныстырады. Авторлармен эксперименталдық тапсырмаларды орындау кезінде оқушылардың бойында пәнге деген қызығушылық, ұқыптылық және жоғары деңгейдегі дағдыларды дамыту қажеттілігі мен маңыздылығы қарастырылады. Физика сабақтарында SPARK және датчиктерді қолдану артықшылықтарына аса жоғары көңіл бөлінеді. Физикалық шамалар арасындағы тәуелділікті анықтау бойынша бірқатар эксперименттік жұмыстар ұсынылған. Эксперименттік нәтижелерді жинақтау кезінде талдау, жинақтау және бағалау дағдыларын дамыту мақсатында графиктік әдістің ролі көрсетіледі.

Аннотация

Статья знакомит с применением инновационных технологий и методов в практике современного образования. Авторами рассматривается необходимость и важность повышения интереса к предмету, развития навыков высокого порядка и аккуратности у учащихся при выполнении экспериментальных работ. Особое внимание акцентируется на преимуществах использования SPARK и датчиков на уроках физики. Предложен ряд экспериментальных работ по определению зависимости между физическими величинами. Прослеживается роль графического метода с целью развития навыков анализа, синтеза и оценки при сборе экспериментальных данных.

Abstract

The subject of the article is the use of innovative technologies and methods within our modern educational system. The authors outline why it is important to pique students' interest in a subject and to develop higher order thinking skills and accuracy while performing laboratory work. Special attention is paid to the advantages of using SPARK and other sensors during physics lessons. A number of experimental works on determining the dependence between physical quantities are proposed. Graphical methods are emphasized as the method of choice for the development of skills used while collecting experimental data, such as analysis, synthesis, and evaluation.

Түйінді сөздер: технология, әдіс, датчик, SPARK, эксперимент, график

Ключевые слова: технология, метод, датчик, SPARK, эксперимент, график

Key words: technology, method, sensor, SPARK, experiment, graph

Білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі – оқу үрдісіне жаңашылдық енгізу, тиімділігі жоғары болып келетін технологиялар мен әдіс-тәсілдерді кіргізу және соның негізінде жоғары нәтижелерге қол жеткізу. Сондықтан заманның талаптарына сәйкес өте жоғары қарқынмен білім беру саласына инновациялық технологиялар енгізіліп жатыр. Инновациялық технологияны пайдалану қазіргі кезде өмір талабы болып кетті. Біздің елімізде «инновация» сөзіне ең алғаш анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметовтың айтуына қарай, инновация, инновациялық үрдіс – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі болып келеді екен. Ендеше, мектептердегі білім беру үрдісіне өзгешеліктер енгізілу қажет болса, онда білім нәрімен сусындатып жүрген ұстаздардың қызметіне де өзгерістер енгізілу қажет. Осы орайда мұғалімге қойылатын талап өте жоғары. Әрбір ұстаздың мақсаты – өсіп келе жатқан ұрпаққа саналы да, сапалы білім беру болса, қазіргі кезде ол білім Елбасының соңғы жолдауына сәйкес 4 К моделіне ұштасуы керек, яғни мектеп қабарғасында жүрген оқушының бойына креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті және командада жұмыс істей білу дағдыларын дарыту мұғалімнің парызы іспеттес. Жоғарыда аталған дағдыларды дамыту үшін мұғалім тарапынан жаңа көзқарас қажет. Жаңа форматты мұғалім жаңашылдыққа көзі ашық, стандартты емес шешім қабылдай алатын болуы керек. Осы тұста білім берушінің көмегіне инновациялық идеялар мен технологиялар келеді, себебі жаңа нәтижеге бағытталған білім – инновациялық білім.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен ХХІ ғасыр – ақпараттандыру ғасыры болғандықтан, сонымен қатар «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап

көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы өте зор екендігі баршамызға аян. Сондықтан осы жұмысымызда сабақ үрдісіне инновация енгізу жолындағы бір көрініс ретінде, ақпараттық технологияны пайдаланудың дәлелі бола алатын SPARK құрылғысын пайдаланудың тиімділігі мен артықшылықтары туралы жазуды жөн көрдік.

Физика пәнінің әдістемесінде эксперименттік тапсырмаларды орындауға көбірек көңіл бөлінеді, себебі мұндай практикалық тапсырмалар графикалық әдістің пайдалануымен бірге пәннің негіздерін терең меңгерудің басты шарты болып саналады. Кез келген жастағы оқушылар үшін графиктік әдіс, әсіресе, физиканы оқытуда қажетті әрі қол жетімді.

Физикалық құбылыстар заңдылықтарының тұжырымдамаларында физикалық шамалардың сандық мәндері бар тәуелділіктерді аналитикалық не графиктік түрде көрсетуге болады. Функционалдық тәуелділіктің графиктер түрінде кескінделуі оқушылардың бойында логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда және физика курсының негізі болып саналатын физикалық құбылыстар мен заңдылықтардың тұжырымдамалар туралы түсінікті қалыптастыруда өте үлкен көмек көрсетеді.

Қазіргі ғылым мен техникада графиктерді кеңінен қолданады, себебі бұл әдіс шамалар арасындағы функционалдық тәуелділікті анықтауға көмектеседі. График – техниканың халықаралық тілі, сондықтан бұл әдіс политехникалық оқуда аса маңызды рөл атқарады. Графиктік сауаттылық, яғни графиктерді қолдану, оларды оқу және түсіну дағдыларының дамуы SPARK мүмкіндіктерінің пайдалануымен жүзеге асады. Сабақта SPARK құрылғысын қолдану арқылы оқушылардың бойында зерттеушілік және шығармашылық қабілеттердің, сонымен бірге Блум таксономиясының жоғары деңгейдегі, яғни талдау, жинақтау мен бағалау сияқты дағдылардың дамуын қамтамасыз етеді. Бұл құрылғының көмегімен орындалатын эксперименттік тапсырмалар физикалық құбылыстардың заңдар мен заңдылықтарын графиктік әдістер арқылы терең түсінуге, өз бетінше дұрыс қорытынды жасауға ықпал етеді.

SPARK – қазіргі білім беру жүйесіндегі қажетті құрылғы. Ол физика сабақтарында өткізілетін эксперименттік, зертханалық жұмыстарды өткізу кезінде таптырмайтын құрал болып келеді. Бұл құрылғы бірқатар датчиктердің қосылуымен, мысалы, температура, қозғалыс, қысым, амперметр және вольтметр датчиктері, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға, алған білімдерін күнделікті өмірде пайдалануға көмектеседі. Датчиктермен бірге қосылатын SPARK құрылғысының артықшылығын «Тұрақты ток» бөлімінің Ом заңын, «Сақталу заңдары» бөлімінің импульстің сақталу заңын, «Жылу физикасы» бөлімінің Бойль-Мариотт заңын, «Механика» бөлімінің қозғалыс түрлерін, соның ішінде маятниктердің тербелістерін сипаттайтын физикалық шамалар арасындағы тәуелділікті анықтауда байқауға болады. Оқушылар жұптық немесе топтық жұмыс жасау кезінде осы құрылғыда алынатын бірқалыпты қозғалыс графигінен жолдың уақытқа тәуелділігі тура, ал ток күшінің кедергіге тәуелділігі графигінен бұл шамалар бір-біріне кері пропорционал екендігі туралы қорытынды жасай алады. Жоғарыда аталған заңдардың ішінде Ом заңын түсіндіруде SPARK құрылғысын қолдану өте тиімді, яғни заңдылықты көрнекі түрде демонстрациялауға болады. Оқушылар техника қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, электр тізбегін жинайды. Құрылғының өзінде ток күші мен кернеуден тұратын 2-суретте көрсетілгендей кесте құрып, физикалық шамаларға сәйкес мәндерін алады. Алынған нәтижелерге сәйкес графикті тұрғызып болған соң, оқушылардың өздері физикалық шамалар арасындағы тәуелділікті тұжырымдайды, бұл олардың бойында талдау жасау дағдысының қалыптасуына септігін тигізеді.

График физикалық үрдістің немесе физикалық шамалардың көрнекі түрде өзгеру және өту сипаттамасын көрсетеді. Графиктік әдіс арқылы оқушылар балку және қатаю

үрдістерін, кернеудің өзгеруімен ток күшінің шамасының өзгеруін жақсырақ түсінуге мүмкіндік алады.

SPARK-тың көмегімен орындалатын эксперименттік тапсырмалар арқылы физиканың басқа да пәндермен байланысын көрсетуге болады. Бірнеше пәндердің интеграциясын, мысалы, жетінші сыныптарда «Сұйықтар мен газдардағы қысым» тақырыбын түсіндіруде жүзеге асырылады.

Шағын эксперименттік тапсырмада оқушылар физика, биология мен математикада алған білімдерін қолданады, қарапайым графиктерді алу барысында қысымның адамға әсерін, қысымның басқа да физикалық шамалар арасындағы тәуелділігін көрсетуде тиімді. Алынған график бойынша оқушылар температураның төмендеуімен қысымның да азайғанын көріп (4-сурет), өз ойларын еркін және ашық айта алады. Сабақта оқушылардың белсенділігі және пәнге деген қызығушылығы да артады.

Физика пәнін оқыту барысында графиктік тапсырмаларды тек сабақта ғана емес, шығармашылық үй жұмысы ретінде ұсынылады. Мысалы, жетінші сынып оқушылары үшін атмосфералық қысымға байланысты графикті, апта бойы үйдегі жұмсалынған электр энергиясының графигі, үйдегі ауа температурасының өзгеру графигін тұрғызу сияқты тапсырмаларды беруге болады. Мұндай тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың зейіні және логикалық ойлауы ғана емес, графиктерді тұрғызу кезіндегі ұқыптылық пен визуалды есте сақтау дағдылары да дами түседі.

Техниканың тілін меңгеру инновациялық технологиялардың қолдануымен бірге ғана жүзеге асырылатыны қазіргі кезде барлық жаратылыстану бағытындағы пән мұғалімдеріне аян, сондықтан бұл мақсатта SPARK құрылғысы мен датчиктерді пайдаланудың орны ерекше. Осындай заманауи технологиялардың көмегімен оқушы бойында жаңа дағдыларды, соның ішінде сыни ойлау дағдыларын қалыптастыра аламыз. Сыни тұрғыдан ойлайтын оқушыны тәрбиелеу үшін мұғалімнің өзі де осындай қасиеттерге ие болу қажет. Осы тұста, мұғалімдерге арналған көптеген біліктілікті арттыру курстарының ішінде Алматы қаласында шетел мұғалімдерінің ұймдастыруымен өткізілген «Физика, биология және химия сабақтарында SPARK құрылғысының мүмкіндіктері» атты курстың біз үшін маңызы мен пайдасы көп болғандығын атап кеткен жөн. Осы курс нәтижесінде, осыған дейін белгісіз болған SPARK құрылғысын қалай пайдалану керектігін, сабақта пәндердің интеграциясын қалай іске асыру керектігін меңгеріп, білімімізді толықтырып келдік. Бүгінгі таңда құрылғының сабақтағы артықшылықтары туралы өз тәжірибемізбен бөлісу бойынша жалпы орта білім беру мекемелерінде семинар-практикумдар өткізіліп жүр. Мұғалімдер оқушының рөлін атқара отырып, практикада құрылғымен жұмыс жасау барысында оның сабақтағы оң әсерлері туралы пікірлер қалдыруда.

Қорытындылай келе, жоғарыда көрсетілген оқу құралын физика сабақтарының тиімділігін арттыру мақсатында қолданудың пайдасы жоғары екендігін айтуға болады. Сабаққа енгізілген ақпараттық технологиялардың бір бөлігі ретінде алынып отырған құрылғыны пайдалану арқасында жан-жақты дамыған, шығармашылықпен ойлай алатын, өз жұмысына талдау жасап, қорытындылай алатын шәкірт тәрбиелеуге болады. Сондықтан, ақпараттық технологияны қолданудың тиімді жақтарын зерттей отырып, үздіксіз жүйелі жұмыс жасау – білім субъектілерін дамытуда үлкен нәтижелерге жеткізеді деп айта аламыз. Болашақта оқу үрдісіне еніп жатқан жоғары технологияларды меңгеру бүгінгі күннің мақсаты болмақ, сондықтан сол инновациялардың арқасында өмір ағымынан артта қалмайтын, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу біздің парызымыз. Н.Ә.Назарбаев «Еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында», -деп бекер айтпаса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. - Астана. Ақорда. 2018.

2. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық., НЗМ ДББҰ, 2012.-61 б.

ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКЕ ХИМИИ

Жукова Анастасия Юрьевна,
бакалавр химии, ГУ «Аулиекольская школа – гимназия
имени Султана Баймагамбетова
отдела образования акимата Аулиекольского района»

Аннотация

Қазіргі уақытта педагогикалық технологияларды жетілдіру үрдісі, сабақтарда оқытудың әдістері, тәсілдері мен құралдарының жиынтығы кең тараған құбылыс болып табылады. Қазіргі кезде инновациялар тек мектептердің ғана емес, жоғары оқу орындарының да білім беру қызметінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.

Жұмыстың өзектілігі мынада, қазіргі заман – бұл ақпараттық технологиялар уақыты. Жаңа білім ізденісте, жас пен мәртебеге қарамастан жоғары сатыға көтеріле отыра, тұрақты талдау мен ойлану қажет. Білім мен машықтар оралымды болу керек, заманауи мұғалім өзгерістерге дайын болу қажет.

Оқу процесін ақпараттандыру оқу пәндерін оқу процесінде қазіргі заманауи есептеу машиналары мен телекоммуникациялық желілер негізінде ақпараттық-бағыттық оқыту құралдарын кеңінен пайдалануды көздейді. Бұл мақала заманауи білім беру технологияларын одан әрі пайдаланудың өзекті мәселелеріне арналған. Оқушыларға тұлғалық-бағдарлы тәсілді іске асыруға, білімді, дағдылар мен қабілеттерін кезең-кезеңмен меңгеруге ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану.

Аннотация

В настоящее время процесс совершенствования педагогических технологий, совокупности методов, приемов и средств обучения на уроках является распространенным явлением. В настоящее время инновации являются одним из существенных компонентов образовательной деятельности не только школ, но и высших учебных заведений.

Актуальность работы в том, что современная эпоха – время компьютерных информационных технологий. В поисках новых знаний, совершенствуясь вне зависимости от возраста и статуса, необходимо постоянно анализировать и размышлять. Умения и знания должны быть гибкими, и современный педагог должен быть готов к изменениям.

Информатизация учебного процесса предполагает широкое использование в процессе изучения учебных предметов информационно-ориентированных средств обучения на базе современных вычислительных машин и телекоммуникационных сетей.

Данная статья посвящена актуальным вопросам использования современных образовательных технологий в дальнейшем образовании. Широкое применение информационно-коммуникационных технологий, которые способствуют реализации личностно-ориентированного подхода к учащимся, поэтапному овладению знаниями, навыками и способностями.

Abstract

At the present time, the process of improving pedagogical technologies, a set of methods, techniques and means of teaching in the classroom is a common phenomenon. Today, innovation is one of the essential components of the educational activities not only schools but also higher education institutions.

The urgency of the work is that the modern era is the time of information technology. In search of new knowledge, improving regardless of age and status, it is necessary to constantly analyze and reflect. Knowledge and skills must be flexible, and a modern educator must be ready for changes.

Informatization of the educational process involves widespread use in the process of studying educational subjects of information-oriented training facilities based on modern computers and telecommunication networks.

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Абдухалимов Д. К., Білімді меңгерту мен қорытындылауда Kahoot қосымшасын қолданудың тиімділігі.....	3
Абишева А. М., Развитие лексико-терминологического аппарата учащихся с помощью стартеров.....	6
Адильханова Л. О., Хамлин Е.А., Жаңартылған білім мазмұн заманауи, рухани дамыған оқушыларды оқытудағы мұғалімдердің кәсіби шеберлігі.....	9
Аканбаев Б. Н., Дюсеков Н. А., Жоғарғы білім беру саласында суретшілермен серіктестік орнату мәселесі.....	14
Ақбарова Р. Г., Наженова М. А., Применения инновационных технологий на уроках английского языка.....	19
Ақылбекова Л. Б., Аубакирова Т. У., Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында «Дамыта оқыту технологиясы» арқылы оқушылардың қабілетін дамыту жолдары....	21
Ақышева Б. Ж., Айнабекова А. С., Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесі.....	25
Алёшина И. А., Диалог на уроке – эффективный способ развития критического мышления.....	30
Аликулова М. С., Асанова К. И., Алиева Ж. Ш., Қаптан белгішелері арқылы мәтінмен өздігінен жұмыс жасау дағдысын дамыту әдістері.....	34
Альдикенова А. А. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер.....	39
Амантаева А. Б., Бухметова А. А., Использование инновационных методов изучения философии.....	43
Амиркулова Н. С., Сапакова Ж. М., Мамырбаева А. К., Внедрение обновленной программы содержания образования в практику.....	46
Андреева С. Н., Применение электронного сопровождения на уроках физической культуры.....	49
Асанова А. Б., Унгутбаева Г. Ш., Кинжибаева А. С., Использование инновационных технологий на занятиях по английскому языку с целью повышения мотивации к его изучению.....	52
Асканбаева Г. Б., Доспулова У. К., Решение задач повышенной трудности по геометрии.....	56
Аслямова Р. Г., Система применения инновационных технологий и методов в практике преподавания истории Казахстана в коррекционной школе.....	59
Астахова Л. В., Даус Е. В., Елькина Н. М., Традиционные и инновационные приёмы обучения детей каллиграфическому письму как условие повышения грамотности младших школьников.....	63
Асылханова Г. А., Досбаева А. С. Продуктивное использование новых технологий в практике современного образования.....	65
Ахметбекова Б. Р., Нұрқанова М. Д., Елекеева С. А., Инновациялық әдіс-тәсілдердің оқыту үрдісіндегі тиімділігі.....	68

<i>Ахметжанова Б. Ж., Байдалинова С. Н.,</i> Создание условий для получения инклюзивного образования.....	72
<i>Байгалиева А. А., Жакупова Б. К., Исмаилова С. Ш.,</i> Қалыптастырушы бағалау негізінде оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамыту жолдары.....	75
<i>Бадаева М. С.,</i> Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тілі сабақтарында қолдану.....	78
<i>Байменова А. А., Рахметова Г. М., Соловей Т. Ю.,</i> Опыт применения технологии индивидуализации и уровневой дифференциации в современном образовании.....	82
<i>Баймуханова Г. А.,</i> Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесі.....	86
<i>Байшугулова Б. К., Аубакирова К. Е., Жумагулова Т. С.,</i> Заманауи технологиялардың педагогикалық процесте пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктері	90
<i>Бактыгалиева А. К., Лопарева Ю. В., Усенова Г. Р.,</i> Профессиональный подход в развитии музыкальной одаренности на занятиях вокального ансамбля.....	94
<i>Бармина А. Ю., Станишевская Г. А.,</i> Уровневая дифференциация на уроках – путь к творчеству, знаниям, сотрудничеству.....	98
<i>Батура Л. В., Бабаченко Л. П., Курманбаева И. С.,</i> Технологические приемы работы с интерактивными досками.....	102
<i>Бородина Н. С.,</i> Формирование новой модели сознания и мышления старшеклассников на уроках истории в свете задач программы «Рухани жаңғыру»..	106
<i>Бейсенова С. А.,</i> Тарих сабақтарында «Биоақпарат және синергетика» технологиясын пайдалану тиімділігі.....	109
<i>Бекентаев С. Ж.,</i> Тарих сабағында жаңа технологияларды пайдалану.....	114
<i>Бекмұхамбетова С. Қ.,</i> Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «Сатылай кешенді талдау» және эвристикалық жобалау технологиялардың қолданылуы.....	117
<i>Беркімбаев Р. Ә.,</i> Информатика мен математика арасындағы пәнаралық байланыстарды жетілдіру.....	121
<i>Бикенова Ш. Х., Жаманова Г. К., Кошанова Г. Б.,</i> Заманауи білім беру жүйесінде бағалаудың тиімділігі мен ерекшеліктері.....	125
<i>Білісбекова Д. Б., Мырзагалиева А. Б.,</i> Инновациялық білім беру жүйесіндегі оқыту мен тәрбиенің негізгі тенденциялары.....	129
<i>Брагина Т. М., Брагин Е. А.,</i> Опыт применения инновационных технологий в повышении образовательного и воспитательного потенциала молодежи через деятельность студенческих клубов.....	132
<i>Вартаньян Г. В.,</i> Как использование дифференцированных заданий влияет на уровень обученности.....	136
<i>Васильева О. М.,</i> Английский язык в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан.....	140
<i>Василькова Н. А.,</i> Проектирование педагогической технологии на основе структурно-функционального инварианта педагогической деятельности.....	143
<i>Винникова Л. В., Жуламанова Д. А.,</i> Информационно-коммуникационные технологии на уроках русского языка и литературы как инструмент деятельности современного учителя.....	149
<i>Гевел Н. В.,</i> Опыт применения технологии развития критического мышления на уроках биологии в рамках современного образования.....	152
<i>Гливина Е., Бактыгалиев А. К., Сагумбаева А. С.,</i> Практическая деятельность обучающихся как фактор развития профессиональной компетентности будущих специалистов.....	156
<i>Гурина М. Р., Бургард М. С.,</i> Опыт внедрения системы дуального обучения в лисаковском техническом колледже.....	161
<i>Данильченко Г. И.,</i> Использование кейс-технологии в процессе обучения будущих учителей начальных классов.....	165

<i>Даумова З. С., Козлова Л. В.,</i> Использование инновационных технологий на уроках английского языка.....	169
<i>Дауренбекова А. Т., Исмагулова К. А.,</i> Жаңартылған білім беру – жаһандану негізі...	172
<i>Демесенов Б. М., Баянбекова Ж. Б.,</i> Формирование функциональной грамотности учащихся через проработку дескрипторов к лабораторным работам.....	175
<i>Демесенов Б. М., Такенова Н. К., Тасанова Г. А.,</i> Пирамидальная модель для организации практики студентов педагогических вузов.....	180
<i>Демеуов А. Б., Тилекова Ж. Т.,</i> Қазақстанда география білімінің берілу тарихы...	185
<i>Дуйсенбаева Л.Б.,</i> Использование современных педагогических технологий на уроках биологии.....	189
<i>Ершова Н. В.,</i> Как подготовить ребёнка к переходу на обновлённое образование.....	194
<i>Жайворонко И. А., Ткач Н. А.,</i> Новые подходы в преподавании и обучении на интегрированных уроках.....	196
<i>Жаланова Г. Б., Ахметжанова А. Алимova Г. Н.,</i> Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді тиімді қолдану.....	201
<i>Жаменкенова Н. З.,</i> Жаңартылған білім беру аясында сабақта оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру тәсілдері, оқытудың бейімделу жүйесі.....	204
<i>Жандаулет Л. О.,</i> Использование активных методов обучения на уроках русского языка.....	208
<i>Жапарова Т. Ж., Хусаинова Г. Б.,</i> Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы оқушыны өз бетінше ойлай білуге қалыптастыру және дамыту.....	212
<i>Жармухамбетова Г. А., Муханжанова А. С.,</i> Инновациялық технологияларды білім беру үрдісіне енгізу жолында spark құрылғысының мүмкіндіктері.....	216
<i>Жукова А. Ю.,</i> Применения инновационных технологий на уроке химии.....	220
<i>Заремба И. А., Волкова Е. И., Ярош Н. А.,</i> Применение инновационных технологий и методов на уроках в начальной школе в системе современного образования.....	223
<i>Ибраева Л. Д., Карбозова А. Е., Таскожин К. К.,</i> Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар әдістерді қолдану тәжірибесі.....	229
<i>Иванина С. А.,</i> Опыт логопедической работы с детьми с особыми образовательными потребностями.....	232
<i>Ивышева Э. К., Сейткалиева А. Г., Игілік А. Д.,</i> Инновациялық білім деңгейін көтерудің маңыздылығы.....	236
<i>Идрисов И.К., Баймухаметова Б.Т., Рамазанова А.Д.,</i> Использование стратегий развития критического мышления на различных этапах урока в малокомплектной школе как фактор повышения уровня преподавания.....	239
<i>Искакова А. И., Кулбаева З. Т.,</i> Способы развития основных речевых навыков на уроках русского языка и литературы в рамках внедрения обновленного содержания образования.....	242
<i>Исмагулова И. К., Аксёнова Л. В., Мукенова А. Д.,</i> Игровые технологии на уроках английского языка.....	246
<i>Кадрелинова М. К., Бельская Н. А., Пащенко О. В.,</i> Подготовка к ВОУД в практике современного образования.....	250
<i>Kaliev D. D., Medebaeva A. A.,</i> Zamanauı bilim berı salasyndaǵy kóshbasshyǵa tán qasietter.....	254
<i>Калиев К. А.,</i> Практика применения здоровьесберегающих и информационных технологий в процессе подготовки учащихся спортсменов средних школ в идее культурно-нравственных ценностей «Рухани жанғыру».....	260
<i>Камалова Г. М.,</i> Қазақ тілі сабағында функционалды сауаттылықты дамытудың маңызы.....	263
<i>Карбаев Т. Д.,</i> Зерттеушілік әңгіме математика сабақтарында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту тәсілі ретінде.....	266